



Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бекейханов
және Міржақып Дулатов. Орынбор. 1913 жыл





Досыма хат

Қырағы, қия жазбас, сұңқарым-ай,
Қажымас қашық жолға, түлпарым-ай.
Үйілген өлексені өрге сүйреп,
Шығармақ қыр басына, іңкәрім-ай

А. Байтұрсынов

Әлиханның жанұясы



Әлиханның жары
Елена Севостьянова



Қызы
Лиза



ОН АЛТЫНЫң ДҮРБЕЛЕҢІ

Раушан ЖУРҚАБАЕВА (Журкабаева),
К.Сәтбаев атындағы ҚазҰГЗУ-дың аға оқытушысы

Көзінді аш, қазақ, көтер басты,
Әткізбей қараңғыда бекер жасты,
Жер кепті, дін нашарлап, хал һарам бол,
Қазагым, енді жату жарамасты.

Міржақып Дулатов.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік төуелсіздік алуы, халықтың үлттық санаасының есіп, өзегеруіне, тарих ғылыминың жаңа саяси мәдениетті қалыптастырудың рөлінің күшеюіне үлкен дәрежеде өз ықпалын тигізді. Қазіргі кезде жаңа заманның қоғамдық өмірінде болып жатқан курделі құбылыстармен тығыз байланыста қаралатын өткен тарихи шындықтарды қалпына келтірудің үлкен проблемалық маңызы артып отыр. Қазақ халқының патша үкіметіне отаршылдық саясатына қарсы бірінші дүние жүзілік соғыс кезіндегі күресі, жұмыстарына мобилизация жасауға көрсеткен қарсылығының Орта Азия мен Қазақстандағы өте күшті көтеріліске айналуы және де процестермен тіке байланыстыра қарауды қажет етеді.

Кеңестік тарихнамада қазақ интеллигенциясының 1916 жылғы көтеріліске байланысты ұстанған позициясын баяндау тарихи шындықты ашуды мұрат тұттай, қалай болғанда да оларды реакциялық бағыт ұстанған күш ретінде көрсетуді көздеді. Шын мәнінде мәселе анағұрлым курделірек болатын.

1916 жылдың 25 маусымында патша үкіметінің Қазақстанның, Орта Азияның және ішінара Сібірдің жергілікті ер-азаматтарын әскери-тыл жұмыстарына алу туралы жарлық шығарды. Көтерілістің шығуына тұрткі болған жағдайда – қазақтан соғысқа

солдат алу емес, қара жұмысшы мәселелерінің жайжапсарын «Қазақ» газеті арқылы демократиялық интеллигенцияның 1914-1915 жылдардан бастап-ақ көтеріліс, қоғамдық пікір қалыптастырып, бұл мәселеге байланысты үкімет орындарының шешімдеріне ықпал жасауға тырысқаны жөнінде зерттеу жұмыстарында айтылмай келеді /1/.

Патша үкіметі соғысқа дайындалғанда оған Ресейдің бүкіл халықтарын шақыруды бұрыннан-ақ ойластырган. 1909-1910 жылдардың өзінде жоғарғы әкімшілік арасында бұрын әскер қатарына алынбағандардың бәрін бұл міндетті етеге жөнінде сез болған. Оған Түркістан мен Дала өлкесінің буратана халықтары да кірген. Бұл мәселені жан-жақты ойластыруды Мемлекеттік Дума соғыс министрі Сухомлиновке жүктеді. Ол «1914 жылдың шілдесінде Мемлекеттік Думаға мынадай мазмұнда жауап қайтарды: қазақтар көшпелі халық, көшпелілік пен мемлекеттік бір-біріне үйлеспейтін ұғымдар; қазақтардың мәдениеті тәмен, орысша білмейді, жазу танымайды, солдат татағын татақсынбайды әскер қызметіне шыдамайды; бұларга қосымша, қазақтар соңғы кезде панисламизм рухында тәрбиеленіп отыр /2/. Панисламизм дегендеге бүкіл мұсылман халықтарының бірігі мумкін, оларды қаруандырсақ, ол қаруаларды өзімізге қарсы бағыттауы мумкін» деп қауіптенді. Соғыс басталғаннан кейін әскери салық төлеу енгізген. Соғыс барысында бұл саясатты өзгертуге тұра келді. Ресей империясының экономикалық жағынан артта қалуының, әскерінің

нашар қаруланғандығының және жөнді қамтамасыз етілуінен, әскери және мемлекеттік басшыларының надандығынан, сондықтан тың қордалануынан патша әскерлері жеңілістен жеңіліске ұшырай берді. Осы себептерге байланысты «Бұратана халықтарды мемлекеттік қорғаныс жұмыстарына пайдалану тәртібі туралы ереже» қабылданды. Ол бойынша 19 бел 43 жастың арасында «бұратаналық» азаматтар соғыс аймағында қорғаныс құрылыштарын салуға, әскери қатынас жолдарын үйлемдестіру жениндеңі тыл жұмыстарына шақыртылды. Оған қазак далаһынан 400 мынға жуық ер-азаматтар тартылды /3/.

Онсыз да титіғы шығып, күйзелген отбасыларына ерлерінің әскерге алынуы асыраушысынан айырылуымен тен еді. Оның үстіне, қазақтар олардың аман келуіне күмән келтірді. Шындығында, оған негіз бар еді. Себебі, кейін белгілі болғандай, сол әскери жұмыстарға тартылғандардың талайы сұықтан, аурудан қайтыс болды. Екінші жағынан, бұл жостар жүзеге асса, соғыс шебінде қара жұмыс істеп жүрген қаншама орыс солдаттары мен жұмысшылары тылдық жұмыстан босап, оларды тікелей майданға салу мүмкіндігі туатын еді. Патша жарлығында әскери-тыл жұмыстарына барғысы келмегендеге өзінің орнына басқа адамды жылдан жіберуге құқық берілді. Бұл мүмкіндікті байлар қолайлы пайдаланды. «Болыс, село және ауыл басшылары, атқамінерлер, молдарлар, имамдар байлар «байыргы халықтан» шыққан тәменигі полиция шендерінде, дворян және құрметті азамат правосы барлар мобилизациядан босатылады». Оның үстіне, қазақтарда әуелбастан тууда туралы қуәлік болмаған. Соны пайдаланып жергілікті бай-болыстар өздерінің, балаларының, туыстарының жылдарын өзгертип түрлі бүрмалашылғытар жасалды.

Осының бәрі, қазак халқының ашу-ызасын тудырды, үлт-азаттық куресті күштітті және оның басталуын тездеді. Наразылықтар, ереуілдер көбейді. Алайда, 1916 жылдың шілдесінде жекелеген ереуілдер, толкулар, қозғалыстар өрістеп, бұқаралық сипат алып, нағиже сінде бүкіл қазақ жерін қамтып, үлт-азаттық қозғалысқа ұласты.

1916 жылдың 25 маусымындағы патша жарлығы тек сұлтау, желеу болатын. Көтерілістің басты себебі әлеуметтік-экономикалық және саяси сипаттағы факторлар еді. Яғни, орталық езгінің күшеюі, жерді тартып алу, салықтар мен алымдардың есүі, еңбекшілерді қанау, өлкенің қазақ және басқа бұрыннан тұрған жергілікті халықтары жөнінде царизмнің жүргізіп жатқан орыстандыру саясаты, соғысқа байланысты халық бұқарасы жағдайының күрт нашарлап кетуі, міне осыған алып келді /4/.

Көтерілісті кебіне қазақ зиялыштары басқарды. Мысалы, Ақмола даласында – Сәкен Сейфуллин, Атбасар даласында – Әділек Майкетов, Орал облысынан Тоқаш Бокин, Манғыстауда – Жалай Мынбаев, Орал облысы мен Бекіт ордасында – Сейтқали Менденшев, Сырдария облысында – Тұрар Рысқұлов, Торғай облысында – Аманкелді Иманов және басқа азаматтар.

Шілде, тамыз айларында көтеріліс сол кездеңі Қазақстанның барлық облыстарын қамтыды. Ол патша екіметінің орталық және орыстандыру саясатына қарсы, үлттық және саяси тәуелсіздік үшін жүргізді.

1916 жылғы 25 маусымдағы бұратана халықтарды әскери-тыл жұмыстарына алу туралы патшаның жарлығына «Алаш» басшылары (Ә.Бекейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов) қарсы шықпауға, оны орнындаға шақырды. Бірақ бұған байланысты мынадай жайтын есте ұстаған жән. Бұратана халықтарды әс-

керге алды екен деген сыйыс бұдан бұрын шыққан. Соған байланысты «Қазақ» газетінде пікірсайыс болған.

Осы талап-тілектерді қазақтар атынан білдіру үшін Дума ашылуына қарсы Ә.Бекейхановты, А.Байтұрсыновты, Н.Бегімбетовты Петроградқа жіберді. Бұл туралы тарихшы М.Қойгельдиевтің «1916 жылғы көтеріліс және үлт зиялыштары» деген мақаласында көрсеткен /5/.

«Қазақ» газетінің төнірегіне топтасқан Ә.Бекейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов сияқты либерал-демократиялық зиялыштар өкілдерінің жетекшілері халықты жарлықты орындауға қарсы шықпауға үтітеп, оны орындаған жағдайда қазақтар қантөгіске үшірауы мүмкін деп санады және осыған байланысты үлкен аландаушылық білдірді. Осынау алмағайып кезеңде «Алаш» қайраткерлері халықты аман сақтау үшін қарулы көтеріліске қарсы болып, қазақтарды патша жарлығын орындауға шақырды. Біріншіден, олар Ресейге тәнген сыртқы қатердің бодан болып отырган қазақтарға да толық қатысы бар деп санады. Бұдан сырт қалуға болмайды, – деп есептеді. Екіншіден, іс жүзінде қарузыз қазақтардың тұрақты орыс армиясына қарсы бас көтеруін болдырмауға талпынды. Қарузыз халық өкіметтің жазалау шараларының құрбаны болады деп қауіптенді. Үшіншіден, соғыс Ресей үшін жеңіспен біткен жағдайда қазақтардың хал-күйі жеңілдеп, үлттық автономия құрылтынына үміт артты. Империямен ақылға қонымды келісім тактикасын ұстанып, халқының аман болуын бірінші кезекке қойған «Алаш» көсемдері тыл жұмыстарына шақыруды кейінгі қалдыра тұрып, тиісті өзірлік жұмыстарын жүргізуі ұсынды. Көтеріліс барысында орын алған қандық қырғын, жүзделген мың адамдардың қаза табуы бұлардың қауіпперінің негізсіз еместігін дөлелдеді.

Қазақ зиялыштары майдан тылында еңбек еткен қазақ жігіттерінің сезін сейлеп, мұңын жоқтады. Ә.Бекейханов, М.Дулатов т.б. бастаған қазақ зиялыштары Минске, тағы басқа тыл жұмысына шақырылғандар көтеп шоғырланған қалалар мен елді мекендерде болып, оларға қолдан келген көмектерінің бәрін көрсетті. Олар шақырылғандардың құқықтарын қорғау және олардың майдан енірі аудандарындағы тұруы мен жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайлар тұтызу женинде нақты қадамдар жасады. Ал мұның өзі кеңес заманында көп жылдар бойы айттылып та, жазылып та келген Алашорда 1916 жылғы көтеріліс кезінде үлттық мүддеге сатқындық жасады деген пікірдің сыңаржақ тұжырым екендігін көрсетеді.

Алаш көсемдері көтерілісшілерге де, майданың қара жұмысына шақырылғандарға да ешқандай сатқындық жасаған жоқ. Олар халқының амандағын ойлады. Егер үлттық зиялыштардың радикалды тобы Қазақстанның болашағын революциялық қарулы күрестен байланыстырыса, «Алаш» көсемдері оны біртінеде даму, бейбіт реформа жолымен байланыстырыды. Екеуінің де мақсаты еліміздің төуелсіз үлттық мемлекеттілігін орнату еді. Бірақ таңдаған жолдары әр түрлі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақ» газеті, 1916, № 153.
2. Жұмагұлов М. Қыран казасы кияда. «Жазушы» баспасы. Алматы, 1980.
3. Қойгелдиев М. 1916 жылғы көтеріліс және үлт зиялыштары. Казак тарихы, 1995. № 2.
4. «Қазақ» газеті, 1916, № 168.
5. Қойгелдиев М. 1916 жылғы көтеріліс және үлт зиялыштары. Казак тарихы, 1995. № 2.

Журнал

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің
Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтымен және "Мемлекет тарихы
институты" мемлекеттік мекемесімен шыгарышылық байланыста шыгарылады



АЗАК



№3 (142), 2016



ғылыми-әдістемелік жүрнал

ТАРИХЫ



Болат САЙЛАН,

ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология
факультетінің профессоры, тарих ғылымдарының
докторы, Ауган сөзгісінің ардагері, журналдың
белсенеді авторы

E-mail: kaztar62@mail.ru

Тел/факс: 8 (727) 249-27-93

Біздің сайт: Kaztar.kz

ӘОЖ: 94:336 (574)

АРҚАДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ КӨТЕРІЛІСІ

Берік ЖҰБАНЫШОВ,
тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақ мемлекеттік
Кыздар педагогикалық университеті

1916 жылы Жетісудағы көтерілісшілер қозғалысы аяусыз басып-жанышылса, Торғай даласында ол күш алып, құннен-күнге өрістей түскен еді. Басшылығында Ә.Жанбосынов, О.Шолақов пен А.Иманов тұрган Торғай көтеріліс ең қажырлы және ұзақа созылған, ең табанды және билік бір орталықтан журнізіліп, үйімдасқан көтеріліске айналды. Бұл – Торғайдың көтерілістің ерекшелігі еді. Көтеріліс Торғай, Үргез, Ақтөбе, Қостанай уездерін қамтыды. Облыста көтеріліс қамтымаған ауыл немесе елді мекен болмады. Таза көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын Торғай аймағының онтүстік белгі тыл жұмыстарына адам жіберуге көнбей қарсы шығады.

Торғай облысының өскери губернаторы М.Эверсманға қазақ еңбекшілерінің қару алып, жаппай көтерілгендері туралы хабарлар құнбек-күн түсіп жатты. Көтерілісшілер почтаға шабуыл жасады, темір жол табанын бұзып, болыс басқармаларын ойрандады, болыстарды өлтірді. Көтеріліс бүкіл облысты қамтыды. Олар патшаның жарлығына қарсы шықлас бұрын, алдымен өскери министрге қара жұмысқа шақыру тәртібін өзгерту туралы хат жолдайды. Алайда халықтың патша өкіметіне жиберген етініші қанағаттандырылмай, жергілікті патша өкімшілігі Жарлықты орындау үшін іс-шараларды жүзеге асыруға кіріспін, қазақ қоғамының беделді ақсақалдарын, рубасыларын халықтың наразылықтарын тоқтату жолында келіссөздер жүргізуге олардың ортасына жібереді. Бірақ патша өкімшілігінің бұл шараларына қарамастан, Торғай облысындағы наразылық құннен-күнге үлгайып, аяғы стихиялды турде ауқымды көтеріліске үласады.

Көтеріліске шықкан қазақтар екі топқа бөлінді. Тосым мен Шұбалаң болысындағы көтерілісшілерге Шолақ Оспанов, ал Қайдайыл, Ақкүм, Қараторғай және Қарақоға болыстарындағы көтерілісшілерге Әбдіғаппар Жанбосынов жетекшілік жасады. Үлгілі басқа аймақтың көтерілісшілері қосылды және торғайлықтардың ездері Қостанай, Атбасар, Перовск, Үргез уездерінің көтерілісшілерімен байланыс орнатады. Торғай облысындағы көтеріліске қатысқан қазақтар патша өскерлерімен бірнеше рет шайқасқа түседі.

Солардың ішінде Татыр, Қыйикқопа, Догал, Торғай сияқты елдімекендерде ірі шайқастар болып етеді. Арқада болған 1916 жылы ұлт-азаттық көтерілістің негізгі үйімдастыруши күші ақсақалдар мен рубасылары және олар сайлаған хандар болды. Көтерілісшілерді Кейкі Кекенбайұлы, Амангелді Иманұлы, Өмен Мұсабайұлы, Әлжан Қарабайұлы, Қостан Мақабайұлы, Ахмет Әтетілеуұлы, Тасмағанбет Бекулы және тағы басқа да ержүрек батырлар басқарды. Егер 1916 жылы қыркүйекте көтерілісшілер саны 20 мыңға жетсе, ал 26 қарашада 50 мыңға жетті.

Көтеріліс басшылары сарбаздарын ондыққа, елулікке, жүздікке, мыңдыққа бөліп, жүйелі әрі тәртіпті өскери топтар құрады. Әрбір белімшениң базына тиісінше онбасы, елубасы, жұзбасы, мыңбасы қойылды. Арнайы мергендер белімшелері құрылып,

оларға маңызды өскери тапсырмалар берілді. А.Иманов көтерілісшілердің сардарбегі болып сайданды, оның жаһында өскери кеңес жұмыс істеді.

Бірнеше ауданда тәменгі ауылдық-болыстық өкімшілік басқару қызметі көтерілісшілердің қолына етті. Ә.Жанбосынов арнайы тағайындалған адамдарға (ел бегі) көтерілісшілердің азық-тұлікпен және аттармен қамтамасыз ету тапсырылған тыл қызметі үйімдастырылып, көтерілісшілерге ауылдардың ұсталары жиналып, қарапайым қылыш, пышақ, қанжар және тағы басқа да қарулар соғады. Осындай қарапайым қару жақақпен қаруланған көтерілісшілер патшаның зеңбірегі мен пулеметтері және винтовкалары бар жазалаушы өскеріне қарсы шыға бастайды. Көтерілісшілер ең алдымен құзет бекеттері, Үргез, Торғай, Қарабұтақты жалғастыратын байланыс жерлерін басып алды. Азаттық үшін соғысқан көтерілісшілер жазалаушылармен бірнеше шайқастар жүргізеді. Негізгі шайқастар – Татыр, Шошқалы қопа, Қүйік қопа, Догал-Үртек, Ақшының маңында болды. Татыр шайқасында 300 көтерілісші, 3 жазалаушы қаза тапты. Саны жағынан көп болғанымен, қару нашар көтерілісшілер жазалаушы өскермен шешуші шайқасқа шықлады, оларға кенеттен шабуылдар үйімдастырылып, орындарын ауыстырып отырған.

1916 жылы 22 қазанда көтерілісшілер Торғай қаласын қоршауға алады. Қоршау кезінде көтеріліс басшыларының арасында ортақ кепісім болмай, Оспан Шолақов қаланы тіке шабуылмен алуды ұсынса, Әбдіғаппар Жанбосынов қаланы қоршау арқылы алуды қолайлы көреді. Ақыры көтеріліс басшылары ортақ шешімге келіп, қалага тіке шабуыл жасау жөнінде уағдаласады. Әбдіғаппар, Оспан және сардарбегі Қасым ханның құрған жоспары бойынша арғындар Торғайға кунбатыс жағынан, қыпшақтар шығыс жағынан, ал Жөуке батырдың баласы Орманбет солтустіктен шабуыл жасайды. 6 қараша күні көтерілісшілер шабуылдарды бастап, қаланың жартысын басып алды. Бірақ та орыстар зеңбірекпен атқылаған соң және көтерілісшілерді жазалауға шыққан генерал А.Лаврентьев бастаған өскердің жағындан қалуы қазақтардың Торғайға жасаған шабуылның дөғарып, мәжбурлікten кейін шегінеді. Көтерілісшілердің генерал-лейтенант А.Д.Лаврентьев басқаралын жазалаушылар экспедициясымен алғашқы қақтығысы – 1916 жылғы 14 қарашада етеді. Орыстар Торғайға Шалқар, Ақтөбе және Қостанай арқылы үш жақтан шабуылға шықты. Әскер қолбасшысы «қазақтарға қарсы қымылдағанда, аяушылық жасамаңдар» деп буйырды. Жазалаушылар Торғай қаласына беттеп келе жатқан бағытында жолындағы ауылдардың бірінен соң бірінің тас-талқанын шығарды. Ауылдар өртенді, дүни-мулікпен қоса үй ішіне қуып тығылған адамдар отқа оранды. Көтерілісшілер көп шығындарға ұшырағанына қарамастан, ездерінің қарсылығын жалғастыра берді. Мәселен, 16 қарашада саны 12 мыңдай болатын Торғайдың көтерілісшілер Тұңқойма пошта

станциясының түбінде подполковник Катоминің жазалау өскеріне шабуыл жасайды. Алайда шабуыл сәтсіз аяқталып, Батпаққара ауданына қарай кетіп, сол жерден 1917 жылдың ақпан айына дейін партизандық соғыстарын жургізеді. Жалпы алғанда Торғайдағы көтерілісшілерге қарсы патша өкіметі құрамына 17 атыштар ротасы, 18 казактар жүздігі, 4 кавалерия эскадроны, 18 зеңбірегі, 10 пулеметі және басқалары болған экспедициялық корпус жіберген. Осы жазалаушы өскерлердің жорығының нәтижесінде 3 мыңдай адам жауапқа тартылып, оның 201-і өлім жазасына кесілсе, 161-і катарга айдалды. Жұзделен ауылдар тоналып, өртеді, жазықсыз адамдар атылды. Алайда жазалаушылар ақпан революциясына дейін көтерілісті басып тастай алмаған. 22-23 ақпанда Догал-Үртек жазығында көтерілісшілер жазалаушыларға қарсы соңғы рет үұрыс салады. 27 ақпанда жазалаушы өскер Торғай қаласына қарай шегініп, Догал-Үртек Батпаққара мекенін көтерілісшілер қонына тастан шықты. Тек патша тақтан құлағаннан кейін ғана Торғай облысындағы көтеріліс тыйылды.

Сарыарқадағы көтерілістердің ішіндегі келесі бір ерекше сипат алған аймағы – Ақмола жеріндегі бас көтерулер. Ақмола облысы қазақтарының көтерілісі өкімет өскерлеріне қарсы топтасқан, қатты қарулы қарсылық көрсеткен ошақтардың біріне айналды. Үезд қазақтары патшаның жарлығы шығысымен-ақ мaldарын айдал, даланың түкпіріне көш бастайды. Өсіресе, қазақтар мен орыс келімсектерінің арасындағы қатынас тым шиеленіспін кетеді. Жылдар бойы жиналған ашуызадан ашынған қазақтар орыстардың қоныстарын өртеп, шаруашылықтарын жойып, шаруаларды ұрыпсодады. Орыс келімсектері де қазақтарға шабуылдар жасап, мaldарын тартып алып, өздерін өлтіріп отырған. Осы кезде өр жерлерде тыл жұмысына барудан бас тартқан ірі-ұсақты жасақтар күрьылып, қарулы қарсылық көрсету мақсатында Қоржынкөл маңына Ақмола уезінің 8 болысы Қорғалжын, Саналы, Жақсықөң, Сарыөзен, Ақкүм, Нұраның бір бөлігі жәнетағы басқа да болыстардың қазақтары топтасады. Кейін оларға Атбасар уезінің Оңтүстік-Шығыс бөлігіндегі 5 болыстың қазақтары қосылады. Сонымен қатар, көтерілісшілер ірі орталықтардан басқа, шағын топтарға да бірікті. Мәселен, Төрт Сарт көлінің маңына Нұра болысының 300-400 отбасы топтасса, Атбасарға шекtes Құмкөлдің маңына Ақсираққөл болысының 400-дей шаңырағы біріксе, Ильин селосының маңына Сілєтін болысының 400 түтіні қосылған. Сондай-ақ Зайсан уезінде мындан аса көтерілісшілер қымыл көрсетсе, Семей уезіндегі көтерілісшілердің саны 7 мыңға жеткен. Өскемен уезінде де көтерілісшілердің саны 3 мындық құраган.

Осы көтеріліс ошақтарының ішінен Атбасар уезіндегі қазақтар табанды қарсылық көрсетті. Бұл аудандағы көтеріліске шықкан қазақтардың саны 7 мыңға жетіп, шілде айының аяғында олар Қарсақпай, Жезқазған, Байқоңыр сияқты өндіріс орындарындағы орыс жұмысшыларына шабуылдар ұйымдастырады. Көтеріліске шықкан қазақтарды қүшпен ғана басу керек екенин түсінген патша өкімшілігі оларға қарсы полковник Иванов бастаған 2 пулеметі бар 2 рота жаяу өскер мен казактардың жүздігін аттандырады. Бұлармен қоса полковник Иванов Қекшетаудан казактардың 180 өскерін бастап келген болатын. Сондай-ақ, оған Атбасардан 180 казагы бар пристав Хомулла қосылады. Жазалаушы патша өскерлері көтерілісшілермен алғаш рет 12 қыркүйекте Қарсақбайдан шығысқа та-ман 60 шақырым жерде кездеседі. Бұл шайқасқа жазалаушылардың барлау тобы қатысқандықтан түпкілікті жеңіске жете алмайды. Тіпті көтерілісшілер орыс

барлаушыларының 2 адамын өлтіріп, 7 адамын тұтқынға алып кетеді. Орыстардың негізгі күштері келіп жеткеннен шешуші шайқас 23 қыркүйекте Қаражар түбінде өтеді. Пулеметтерден және қарудың барлық түрінен оқ жаудырған орыстар көтерілісшілерді үш жақтан шабуылдан, қоршауға алуға тырысады. Алайда көтерілісшілер ауыр шығынға ұшыраса да өздерін қоршауға мүмкіндік бермей, шегініп кетеді. Бұл шайқаста қазақтардан 80 адам өліп, 17-сі қолға түссе, жазалаушылардан 1 казак ауыр жараланып, 1-үі қолға туреді. Осы жеңілістен кейін көтерілісшілердің бір бөлігі патша жарлығына мойынсұнып, жігіттерін майданның қара жұмысына беретін болып келіссе, ал келесі бөлігі патша билігін мойындағай, Торғайдағы көтерілісшілерге барып қосылады.

Атбасардағы көтеріліс талқандалғанымен, Ақмола облысында басқа көтеріліс ошақтары өздерінің қарсылығын жалғастыра береді. Мысалы, 3 қазанда Айнабұлақ маңында бір рота жаяу өскери мен 20 қазагы бар жазалаушы өскерге екі мыңға жуық көтерілісші тап береді. Қазақтардың шабуылын пулеметтердің оғымен тойтарыс берген орыстар оларды жолатпай қояды. Сол кезде қазақтар кейін қарай қаша жөнеледі. Көтерілісшілердің қуған орыстардың 75 өскери Қаратай станциясына жақындағанда қазақтар қайтадан тап беріп, орыстың алты солдатын қолға түсіріп өлтіреді де, қалғандарын кейін шегіндіреді. Ақмола облысында бұдан басқа ең ірі шайқас қазан айының аяғында Ерейментауының батыс жақ бетінде өтеді. Таудың жогары жағында орналасып алған көтерілісшілерге жазалаушылардың пулеметтермен қаруланған 5 рота жаяу өскери мен 150 казак шабуылдайды. Кескілескен шайқастан кейін жазалаушылар бұл жолы да кейін қарай шегінуге мәжбур болады. Осы шайқастан кейін тауға бекініп алған көтерілісшілерді талқандада үшін жазалаушылар өскерінің басшылығына Омбыдан генерал Ягодкин келеді. Нәтижесінде 30 қарашада Турежолда көтерілісшілермен жазалаушылардың арасында қырғын шайқас болып, қазақтар түпкілікті талқандады. Тұтқынға түсken 475 адам майданға айдалады. Бұл жеңілістерге қарамастан Ақмолада жекелеген топтардың қарсылығы тоқтамайды. Мысалы, Атасу және Қоң болыстарының қазақтары урядник Корытов бастаған жеті казакты ұстап алып атып тастаса, Борсық езенінің маңында 300-дей қазақ орыстардың бір взвод барлаушы өскерін тұтқындаға өрекет жасайды. Алайда орыстар дер кезінде қорғаныс жасап үлгіріп, қазақтардың шабуылын тойтарады. Дегенмен патша өскерлері өздерінің жазалау шараларын жалғастырып отырды. Семей және Ақмола облыстарында көтерілісшілерге қарсы 12 кавалерия жүздігі, 11 күштіліген жаяу өскер ротасы қымыл жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қаһарлы 1916 жыл: (Құжаттар мен материалдар жинағы). – Алматы: Қазақстан, Т.2. 1998. – 247 б.
2. Алдабергенов К.М. Ресейдін Қазақстандағы отарлау саясатының бағыттары мен нәтижелері (1860-1918 ж. Мерзімді материалдары бойынша). – Алматы: Рауан, 2000.-285 б.
3. Тынышбаев М. 16-шы жылғы көтерілістің себеп-салдары // Ақиқат. №7. 1996. 25-30 66.
4. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы / Құжаттар мен материалдар жинағы. Қоң томдық. – Алматы: Ел-шежіре, 2008. Т.8. – 181 б.
5. Етембердиев М.Ш. Ресей империясының Оңтүстік Қазақстандағы орыстандыру саясаты (XIX ғ. II ж. – XX ғ. басы). Тарих. ғыл. канд. дисс. - Алматы, 2007. -134 б.
6. Бекейханов Ә. Таңдамалы (Избранное). /Бас. ред. Р.Нургалиев.-Алматы: Қазақ әнциклопедиясы, 1995. - 478 б.





БІРІНШІ ДУНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТЫҚ БАСТАЛУЫ

және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс

Берік ЖҰБАНЫШОВ,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

1914 жылы басталған бірінші дүниежүзілік соғыс және оған Антанта одағының қатарында Ресейдің белсенді түрде қатысуы кезінде империяның боданы болған халықтардың, соның ішінде Қазақстанға да аса ауыр зардаптарын тигізді және өмірін тым ауырлатып жіберді. Соғыс бұратана халықтарды ұлттық езгіге салу қүшейіп, жергілікті жерлердегі патша шенеуніктерінің озбырлығы мен зорлық-зомбылығы ешсеусіз өсіп, өлеуметтік және ұлттық езгі қүшейіп, жер-жерлерде патша шенеуніктерінің зорлық-зомбылығы шектен шықты. Қазақтардың жерін тартып алу бүрін болмаған қарқынмен жағастырылды. Соғыс қисасызың көп шикізатты, азық-түлікті, мал басын, т.б. материалдық иғлілікті күн өткен сайын көп мәлшерде талап етті. Осыған байланысты Қазақстан майданды шикізатпен қамтамасыз ететін ірі өнірлердің біріне айналды. Мәселен деректер бойынша соғыстың алғашқы үш жылында Түркістан өлкесінен 40 899 244 мың пүт мақта, 299 мың пүт сабын, 473 мың пүт балық, 300 мың пүт ет, 70 мың жылқы, 12 797 түйе, 3 109 мың пүт мақта майы, 13 441 киіз үй алынған. Соғыс жүріп жаткан жылдары майдан мұқтаждарын өтеуге байланысты елді тонау мен халықты қанау қүшіне берді. Соғыс басталысымен әртүрлі салықтардың түрі мен мәлшері өсті. Яғни, қазақтардан майданға көп мәлшерде шикізат, азық-түлік, мал және басқа да материалдық заттар алынып, шаңырақтарға жаңа өскери салықтар енгізілді. Соғыс қажетіне жергілікті халықтан алынатын салық 3-4 есе көбейді және өлкे еңбекшілеріне 10-ға жуық салықтың енгізілді. Ұақыт өткен сайын патша үкіметі қазақтардан алынатын салықтардың мәлшерін одан сайын көбейтіп отырған. Мәселен, Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында 1914-1916 жылдар аралығында өр түтінге (үйге) алынатын салық мәлшері 3 сомнан 8 сомға дейін өсті.

Азық-түлік пен қунделікті тұтынатын заттардың бағасы 94 тыын болса, ол 1916 жылы 40 сомға дейін көтерілді. Өсіреле, Жетісудан 34 млн. сом мәлшерінде мал және мал өнімдері алынып, 1917 жылы шаңырақ салығы 100209 сомды құраған. Осының бәрі өлкедегі егістік жердің қысқаруына, ірі қара мал басының азаюына өкеп соққан. Сонымен қатар I дүниежүзілік соғыс кезінде патша әкімшілігі қазақ даласына шектен тыс ұлы-державалық саясат жүргізе отырып, ұлттық езгінің қүшеттеді. Тіпті осыған байланысты сорақы болып табылатын бүйректар мен нұсқауларда шығады. Атап көрсетер болсақ сондай бүйректардың бірін 1916 жылы 21 шілдеде Түркістан генерал-губернаторы міндеттін атқарушы М.Р.Ерофеев өзінің қаруындағы өскери губернаторларға мынадай негізде бүйрек береді: «Жергілікті халықтар орыс билік-әкімшілік мекемелері мен офицерлері алдында қол қуысырып, бас ішін жалбарынуга және сөлемдесуге тиіс».

Осылайша қазақ даласы мен Түркістан өлкесі бірінші дүниежүзілік соғыс тудырған қыншылықтар

салдарынан біртіндеп азық-түлік пен шикізатты, т.б. өнім түрлерін үкімет таралынан күштеп тонайтын аймақтардың біріне айналды. Патша үкіметтің көзқарасы бойынша жергілікті тұрғындардың «артық» деп саналған азық-түлік қорларын мемлекет пайдасына «занды түрде» алу үшін 1915 жылдан бастап азық-түлікті «тұтыну нормалары» дейтін енгізілді. Осы «нормаларға» сай үкімет органдары жүргізілген есеп бойынша Сырдария облысында байлар мен дәүләтті шаруалар қолында 4.184 мың пүттән астам «басы артық» азық-түлік қоры бар деп ресми түрде анықталды. Ал іс жүзінде дәл сол жылы Сырдария облысы тұрғындарының қалың бұкарасы үшін, ең алдымен көшпелі қазақ малышлары үшін 10.422 мың пүт, ал қала тұрғындарына 4.045 мың пүт астық жетіспеді. 1915 жылдың соны мен 1916 жылдың басында бүкіл ел көлемінде, оның ішінде Түркістан мен Қазақстанда да қунделікті қажет заттар мен азық-түліктің жекелеген түрлеріне карточкамың жүйе енгізілді. Алдымен карточка тәртібі қантты тұтынуға енгізілсе, екі-үш ай өткеннен кейін мұндай жүйе қала мен қала типтес елді мекендер тұрғындары үшін ет пен ұнды тұтынуға орнатылды. Карточкамен берілетін азық-түлік мәлшері өте аз болды, ал 1916 жылдың сонына қарай кейір аудандарда ұнның орнына кебек (отруби) берілетін болды. 1916 жылғы шілдеде патша өкіметі үшін «Ет және ет өнімдерін тұтынуды қысқарту шаралары туралы» заң қабылдады. Оған сәйкес аптасына үш рет (дүйсенбі, сәрсенбі және жұма күндері) ет пен оның өнімдерін сатуға рұқсат берілмесе, ал сейсенбі мен бейсенбі күндері қасалханаларда мал союға тыым салынды. Қазақтар арасында адам басына шаққанда етті пайдаланудың мәлшері анықталды. Осы заң және одан туындаған басқа да қарарлар мен шешімдер қазақтың «басы артық» деп табылған малын тартағын аудындағы көздеді.

Өлеуметтік және ұлттық езгінің қүшесі, қымбатшылық пен аш-жалаңаштылықтың өріс алынып, қазақтардың қайыршылануына өкеп соғып, олардың наразылығын тұғызды. Осының бәрі бүкіл Ресей империясындағы саяси және өлеуметтік дағдарысты одан сайын қүшеттіп, елдегі жалпы ұлттық дағдарысты шиеленістіре түсіп, аяғы Орталық Азияны, соның ішінде бүкіл қазақ даласының аудандарын қамтыған 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысқа ұласти.

Бұл көтерілістің басталуына Ресей патшасы II Николайдың 1916 жылғы 25 маусымдағы Орталық Азия, Қазақстан және Сібірдегі халықтардың 19 пен 43 жас аралығындағы «бұратана» ер азаматтарын майданнанда қара жұмысына (окоптар мен траншеялар қазуға, майданға жақын аудандарда жол салуға, ағаш кесуғе, т.с.с.) шақыру туралы жарлығы болды. Патшаның жарлығы бойынша тыл жұмысына жалпы Қазақстан мен Орталық Азиядан 400 мың адам, оның ішінде қазақтар мекендереген барлық облыстардан 240 мыңдай адам алынды тиисті болды. Бұл жоспар орындала қалғанда сол

кездегі 700 мыңнан астам қазақ қожалықтарының өрбір үшіншісі бір-бір жұмыс қолынан айырылар еді. Бір кезде осыншама еңбек қолдарын материалдық иғілік өндіруден шеттету үлттых үшіндердегі апатқа әкеп соғар еді.

Бүгіл Түркістан өлкесі бойынша майдан тылышын қара жұмыстарына реквизициялануға 220 мың адам алдынуга тиісті болды, олардың ішінде Сырдария облысынан 60 мың адам шақырылады деп белгіленді. Жергілікті халықтардың жекелеген әлеуметтік топтары өкілдері мен кейбір лауазым иелері майдан шебіндегі қара жұмыстарға алынбайтын болды. Тыл жұмыстарына шақырылудан босату шарттары туралы үкіметтік нұсқауда мынадай топ өкілдері жатқызылды: 1) болыстық, ауылдық және селолық басқару органдарында қызмет атқаратындар, 2) жергілікті халықтардан (туземдіктерден) шықкан тәмемніг полицейлік шен иелері, 3) имамдар, молдалар мен мудористер, 4) мемлекеттік басқару жүйесінде кластық (жікеуілік) қызмет атқаратын жергілікті халық өкілдері, 5) дворяндар мен құрметті азаматтар құқын пайдаланындар, т.с.с.

Мұның үстінен жекелеген тыл жұмысына баруға тиістілер өз орнына басқа адамды жалдап жіберуге мүмкіндігі болды. Біреудің орнына жалданатын кісі міндетті түрде Россия мемлекетінің боданы болуға тиісті еді. Майданың қара жұмысына баруға міндетті қазақ ауылы, езбек қыстағы мен бай-манаптарының айтартылған жағдайларында қызмет атқаратындар, 2) жергілікті халықтардан (туземдіктерден) шықкан тәмемніг полицейлік шен иелері, 3) имамдар, молдалар мен мудористер, 4) мемлекеттік басқару жүйесінде кластық (жікеуілік) қызмет атқаратын жергілікті халық өкілдері, 5) дворяндар мен құрметті азаматтар құқын пайдаланындар, т.с.с.

1916 жылғы көтеріліс кезінде қазақтар дәстүрлі хандық билікті жаңғыртты, патшалық Ресей үкіметінің басқару жүйесін жоюға ұмтылды. Хан сайлауда меритократиялық принцип сақталынды, яғни, хан сайланар кісінің ақсүйектілігі емес, жеке кіслік, қол бастаушылық қасиеттері ескерілді. «Санаасында дәстүрлі билік туралы ұғым сақталған, таза кешпелілік дамыған аудандарда көтерілістің негізгі ұйымдастыруши күші ру басылары мен хандар болды». Көтерілісті басқару үшін қазақтар арасынан төрелер, әйгілі батырлар мен билердің үрпақтары, ру басылары, бұрын болыс басқарғандар немесе болыс болып істеп жатқандар атқа қонды.

Мысалы, Торғай даласында Нияз бидің (қыпшақ ханы – Әбдіғаппар өмір), Иман батырдың (Амангелді сардар), Шақшақ Жәнібек батырдың (Аргын ханы – Оспан хан), Шұбыртпалы Ағыбайдың үрпақтары қол бастаса, Жетису жерінде де хан сайланғандардың, көтерілісті бастағандардың көшілігі атақты би, болыстар, батыр, төрелердің үрпақтары еді. Бастапқы кезде стихиялды түрде басталған қозғалыс бірте-бірте ұйымдастысан сипат алдып, аяғы қарулы көтеріліске ұласады. Яғни бұл қозғалыс бүгіл қазақ даласына жайылып, патша өкіметінің әскери-отаршылдық және кең көлемде орыстандыру саясатына қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалысқа айналды. Дегенмен қазақтардың арасында көтеріліске деген көзқарас бір мәнде болған жоқ. Өсіреле, қазақ зиялайлары екіге белінді.

Мәселен, Тоқаш Бокин, Тұrap Рысқұлов, Сейітқа-

ли Менделев, Баймен Алманов сияқты тұлғалар патша жарлығына батыл қарсы шығып, халықты қарулы көтеріліске шақырса, ал қазақтың либерал-демократияшыл зиялайлары Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бекейханов, Мыржақып Дулатов және басқарулы халықты соғысқа Ресей жағында қатысқан жән деп кеңес беріп, Ресейдегі куатты елдің зенбірегіне қылышпен қарсы тұрудың зиянды екенін түсіндіріп жатты. Патша үкіметінің 25 маусым жарлығынан кейін қазақ даласында қалыптасқан ауыр саяси дағдарыс сәтінде өмірге келген аса маңызды құжат Ә.Бекейханов, А.Байтұрсынов және М.Дулатов үшеуі қол қойып, 1916 жылғы 11 шілде күні «Қазаққа» жариялаган «Алаштың азаматтарына!» атты үндеу еді. Олар: «ойламаган жерден жүрт басына мұндай іс, мұндай ауыртпалық түсті, мұны қалай қыламыз, қалай атқарамыз», деп елге сауалмен қайырылып, кеңіп жұмысқа адам бергенде қандай ауырлық келмек, сондай-ақ қенбей көрсеткен қарсылық немен аяқталмак, міне, осы екі жағын бірдей ақыл таразына салып қарауға шақырады.

Сонымен бірге мәселенің жалғыз тұра шешімін, өздері үсынады. «Көнбейміз деушінің сүйенгені жан тәттілік болса, салыстырып қаралық... Көнгенде - шаруага кемшілік те келер, барған жігіт қазага да, бейнетке де ұшырап, бірақ елдің іргесі бузылmas (қазага ұшырап деп ауру-сырқаудан болған қазаны айтамыз, өйтпесе солдат қылып алмайды, соғыстан өлмейді). Көнбекенде көретін ауырлық – багынбай үкіметтің жарлығынан бас тартсақ, жау жағадан алғанда, бас қорғап үйде қаламыз деп, мемлекетке қамшымызың ұшын бермесек, үкімет бізге құр өкпелеп қоймас, күш жұмсар, ол құшті законға сүйеніп істер. Мұндай мысалдар болып тұрган жоқ па?», – деп, дәлел ретінде Түркістан өлкесіне енгізілген соғыс тәртібін, Жетисуда болып жатқан қайылы оқығаларды қөлденең тартып, «біздің білуімізше жеңілі – қөнген» деп, ауыр да болса өз шешімдерін айтады. Шешімдерін айтып қана қоймай, оны іске асрыудың сол ауыр жағдайдағы ең тиімді жолдарын да көрсетеді. Тұра осы сын сәтте өздерін ұлт-азаттық қозғалыстың лайықты бастаушылары есебінде көрсеткен үшеудің үндеуі қазақ қоғамын ауыр жағдайды түсінуге шақырады.

М.Тынышбаевтың куәлігіне қарағанда, Қазақтың осы үндеу жарияланған немірі аса маңызды хабарды жеткізуіші немір ретінде табан астында тараган. Оқыған азаматтар газеттің осы немірінің бірнешеуін жаздырып алып, халық арасына үлестірген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алдабергенов Қ.М. Ресейдін Қазақстандағы отарлау саясатының бағыттары мен нәтижелері (1860-1918 ж. Мерзімді материалдары бойынша). - Алматы: Рауан, 2000.- 285 б.

2. Раджапов А.О. Онтүстік Қазақстан көс революция түсінде. Тарих. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 1997. – 157 б.

3. Материалы по истории Казахской ССР (1785-1825 гг.) – Москва-Ленинград, 1940. Т.IV. – 543 с.

4. Бекейханов Э. Тандамалы (Избранное). /Бас. ред. Р.Нургалиев. -Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. - 478 б.

5. Қаһарлы 1916 жыл: (Құжаттар мен материалдар жинағы). – Алматы: Қазақстан, Т.2. 1998. – 247 б.

6. Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане. Документы и материалы. - Москва: Наука, 1960. – 510 с.

7. Тынышбаев М. 16-шы жылғы көтерілістің себеп-салдары // Ақикат. №7. 1996. 25-30 бб.



ЖЕТИСУДАҒЫ САМСЫ КӨТЕРІЛІСІ

Сабырхан СМАҒҰЛОВ,
әл-Фараби атындағы Казак ұлттық университеті
Казақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы

Бүкіл қазақ даласын дүр сілкіндірген 1916 жылғы көтеріліс тәуелсіздік жолындағы қазақ халқының көп ғасырлық ұлт-азаттық қозғалысының тарихында маңызды орын алады. Бұл көтерілістің аса ірі ошағының бірі – Жетісу. Ол кезде орасан зор аймақты түгелдей халық наразылығының от-жалыны шарыған еді. Аз ғана уақыт ішінде көтеріліс Шу өзені мен Үстіккөлге жапсарлас жатқан бүкіл аумақты қамтады. Жағдайдың шиеленісіне байланысты 1916 жылғы 20 шілдеде генерал Куропаткин Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы болып тағайындалды. Өз кезеңінде Жетісу облысының әскери-губернаторы М.А.Фольбаум жергілікті орыс-казактардан жазалау отрядтарын үйімдастырыды. Мұнымен шектелмей, генерал Куропаткин 12 тамыздағы нұсқауы бойынша қоныстанышылар елді мекендеріндегі орыс қулактары қаруандырылды. Жазалау отрядтарының жаһынан, облыстың уездік қалаларында әскери дала соттары құрылды.

ХХ ғасырдың басында патшалық Ресейдің қарамағындағы елді мекендердегі халықтың халқын ауырлап, тұрмыс-тіршілігі құйзеле бастады. Бір жағынан шұрайлы жерлерінен айырылса, екінші жағынан алым-салық та жаналқымнан алды, екі ұдай талау мен тонаудан халық азып-тозды. Атабабалардан қалған атамекендерінен айырылған халық ар мен намыс үшін күресуден басқа жол қалмаганын түсінді. Осындағы ашу-кең, кеуде толы ыза оларды 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске итермеледі. Кең-байтақ қазақ даласының барлық жерінде де қарсылық ереуілдер, тіпті, ірі көтерілістер көп болды. Соның бірі – қазіргі Алматы облысы Жамбыл ауданындағы Самсы ауылында болған көтеріліс. Самсы, Ақсөнгір ауылдары, Аңырақай аймағында тұрган қазақтардың басым көшілігі Дулат ішіндегі Ботбай руына жататын. Бұл рулас патша өкіметінің кезінде Ботбай болысы немесе Ботбай елі деп аталатын. Ботбай елі Жамбыл ауданының қысқы малжайылым аймағы болып отырған Аңырақай, Ұзын Жартас, Шолақартас, Аңысу, Серектас жерлеріне бытырай қоныстанып, көсле жатқан шаруалы ел болатын. Бұл оқиға жөніндегі мәліметтер әдеби шығармаларда, соның ішінде Жамбыл өлеңдерінде, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві (КРОМА) қорындағы құжаттарда сақталып қалған.

Мысалы, Жамбыл ақынның 1916 жылғы Жетісудағы халық көтерілісіне арналған «Зілді бүйрек» деген өлеңінде тарихта «Ботбай көтерілісі» деп аталған Самсыдағы оқиғаларды билайша сипаттайтыды:

Самсыны алған екен Ботбай қамап,
Оларды жігітімен кетті сабап.
Тұтқындарды босатып ала алмады,
Бір пөлөгө екінши пөле жамап.
Пристав та Самсыға барған екен,

Жәнібектің мешітін қамап алған екен.
Жәнібек қажы жанына ара тұрды,

Бір болыс ел жиналып барған екен.
Ала алмай күні бойы өлең болды,
Жәнібек приставқа себел болды.
Ертеңіне құтылып Ұзынагашқа –
Шаңдатып келе жатты қара жолды.

Бөлек-бөлек топтанып шоқтай болып,
Бай-көпесті өлтірді Ботбай болып.
Қолына онан басқа түк түспеді,
Кезсе де бұл маңайды өбден шолып [1].

Бұл көтерілістің қысқашабарысы мен мазмұныбылай еді. Майдандағы қара жұмысқа адам алу жөніндегі 1916 жылғы 25 маусымда жарияланған патшажарлығы Верный-Пішпек жолында орналасқан Самсы бекетінің айналасындағы Ботбай болысы халықын да дүрліктіреді. «Патшага бала бермейміз, бөтен жерде зорлық-зомбылық көргенше вз жерімізде өлгеніміз жақсы», – десті жүрт. Жер-жerde жиындар, басқосулар өтеді. Қерші болыстарға хабаршылар жіберіледі. Бас біркіріп, өзара қемек көрсетудің шаралары жасалады. Телефон сымдары қыылып, телеграф бағаналары құлатылды. Ондағы мақсат – Ұзынагаш пен Пішпек, Пішпек-Верный байланысын үзу.

Шілде айының соына қарай Самсы халықы болыс, билерді ортага алып, қалыптасқан жағдайға байланысты жиналыс өткізеді. Осы жиынтыста патша жарлығына қатысты екі түрлі көзқарас орын алады. Болыс бастаған бір топ адам: Жәнібек қажы, Ұсембайұлы Құстутін, Болатқұл бай, Кешуден Омбай, т.б. патшага қарсы тұруға болмайды, қырылып қаламыз, сұраган адамын берепік деп халықты үгіттеді. Сәттібеков Нұрланқұл, Нұрбеков Қарымсақ, Сәлдебеков Отарбай, Әйдербеков Хасанай, Жолдыбаев Қалығұл, Қошагұлов Сұраншы, Бокбасаров Досым бас болып, өліспей, тірі тұрып солдатқа бала бермейміз деп үн көтереді. Сөйтіп, топ екі жікке бөлінеді. Халықтың көбі екіншілерін жақтайды.

Дегенмен, осы кездегі Ботбай болысының басшысы Қалдыбек Алғадаев тыл жұмысына жіберілетін адамдардың тізімін жасауда белсенделік танытпаған екен. Тіпті ешқандай іс-әрекет жасамаған. Сондықтан Пішпек уезі начальнигінің 1916 жылы 26-шілдедегі Жетісу облысы әскери-губернаторының атына жазған рапорты бойынша 1916 жылы 3 тамызда тұра көтеріліс қарсанында Жетісу облысы әскери-губернаторы Фольбаумның бүйрекімен Қ.Алғадаев болыстық қызметінен алынып, оның орнына бұрынғы болыстыққа кандидат болып жүрген Қасен Әжібаев тағайындалады [2]. Бірақ бұдан іс ілгері баспайды. Қайта халықтың ызасы мен кегі шегіне жетіп, дауылды шақ жақындау түседі.

Жаңа болыстың 5 тамыз күні тыл жұмыстарына адам жинау жөніндегі жиналысы өтпей

қалады. Себебі дәл сол күні Самсының төменгі жағында жарлықта қарсы 500 адамнан тұратын топтың жиылдысы болып, онда олар бірауыздан әскерге бала бермеу жөнінде шешім қабылдайды. Жұрттың көшілігі осында бас қосып, ал қалғандары осы жиынның хабарын тағатастыздана күтті. Осы жиынның, ал кейіннен көтерілістің басшысы болған адамдар мыналар еді: бойыстыққа кандидат Бейсебай Қанапия, бұрынғы болыс болған Аққүшік Жолдыбаев, би Досым Бокбасаров; ақсақалдар мен байлар: Қасеней Айдарбеков, Қалдыбай Тайторов, Әбдіжаппар Самалтыров, Жақыбай Бекбердин, Кетембай Рысқұлбеков, Әлдеке Бейсембінов, Байтебей Өтелінов, Үшкемпір Саурықов, Қасым Қаражанов және т.б. Әбдіжаппар Самалтыров пен Естай Арықбаев Ұргайты болысына барып, бірлесіп көтерілу жөнінде келіссөздер жүргізді [3]. Көтерілісшілер №4 ауылдың би Қарымсақ Дайдейден қызыметтік мәрін тартып алады.

Кешке қарай Ұңғртастағы Жиренайғыр көпірінде жолға рауғаш тартып, Алматыдағы былғары заводына бара жатқан 40 өгіз шеккен 20 арба қолға түсіріледі. Көтерілісшілер оларды айдал келіп көлігі жоқ 40 үйге үлестіреді. Көтеріліс басшылары қатарында сонымен қатар Қалдыбай Байғазы, Құтпанқұл Сәтбаев, Әбдіхалық Абданов, Байғұл Шыңғысов, Бердібай Майемгенов, Омар Қалқаманов, Битен Жақыпов, Қарынбай Қашқымбаев, Жасыбай Ахменбетов, Сүлеймен Баятов, Толқымбай Рыспаев, Қалығұл Жолдыбаев болған. Бұлардың барлығы Ботбай болысының езінен еді. Олармен бірге көрші болыстардан қатысып, басшылықта болғандар қатарында Батыс Қастектен Шерікбай, бұрынғы халық соты Шалғымбай, бұрынғы билер Қашаған, Аршабек, Тайторы болысынан бұрынғы халық соты Теміrbек аталады [4].

1916 жылы 6 тамызда кешке қарай әскерге жігіт жинауга келген патша чиновнигі, Отар участкесінің приставы Гилев пен оның жендеттеріне қарсы халық көтерілісі басталды. Самсыны Ботбай болысының және көрші болыстардан көмекке келген 5 мың адам қоршап алды. Мысалы, Батыс Қастек болысынан келген сарбаздардың аттары да белгілі. Олар: Досқожа Қашаганов, Рахмет Айdosов, Ахмет Қожамқұлов және т.б. [5]. 1916 жылы 7 тамызда Туркістан өлкесінің генерал-губернаторы А.Н.Куропаткиннің атына жіберілген жедел телеграмма Жетісу облысы әскери-губернаторы М.А.Фольбаум Самсыдағы қазактардың көтерілісі туралы былай деп хабарлайды: «Сегодня вечером скопища киргизов Ботлаевской, Восточно и Западно-Кастекских, Ргайтинской и Тайторинской волостей Верненского уезда в районе ст. Самсы оказали явное неповиновение отарскому участковому приставу и проявили враждебность, испортив телеграф и нарушив правильность почтового движения. ... Для наказания бунтовщиков и охраны русских селений высланы войска» [6].

Міне, сол шақта атағы осы аймақта белгілі, елге беделді Майлайбайұлы Жәнібек қажы көтерілген қарусыз халықтың келешегін ойлап, олардың өмірін сақтап қалу, патша жандаралдарды сөзсіз қаулатып жіберетін әскерінің қатал жазалау шараларын жұмсартып, тіпті, мүмкін болса, бетін қайтару үшін пристав пен жиналған елдің арасына жан дәрмендеп арашаға түседі. 7 тамыз күні таңертен приставы бар, пошта ұстаушысы бар тол шағын әскери отрядын Ұзынагаш, Верныйға қарай қашып шығады. Кейіннен, қыркүйек айында Отар участкесінің приставы Гилев

6 тамыз күні Ботбай болысы қазақтарының Самсы станциясына шабуыл жасауына байланысты пошта ұстаушысы Никитин және төменгі шенді жасағымен бірге келесі күні, яғни 7 тамызда таңертенің сағат 6-да 3-4 пәуескелерімен Казано-Богородское селосына (қазіргі Ұзынагашқа) қашып шыққандығын мойындауға мәжбур болады [7]. Көтерілісшілер пошта бекетін, телеграф бағаналарын талқандаған. Бірнеше орыс мұжықтарын, көпестерді қолға түсіріп, тұтқындаиды.

Самсы көтерілісінің дабыры патша жандаралдарының бір-біріне жіберген жеделхаттары мен хаттары арқылы Верный, Ташкент, Петроградқа дейін жетеді. Жедел турде әскери отрядтар жасақталып, көтерілісті басып-жаншуға жөнелтіледі. Алғашында Самсыға есауыл Бакуревичтің жазалаушы отряды жіберілгенекен. Тенемесшайқастарда екі жақтан да шығын болып, біраз қазақтар қолға түседі. Жендертер бейбіт халықты талайды. Пошта жолын қалпына келтіру үшін хорунжий Александров басқарған тағы бір жүздік әскер жіберіледі. Есауыл Бакуревичтің отряды Тоқмақтағы көтерілісті басуға жіберілгендейтін, Самсыға енді Верный дружинасынан прaporщик Махонин бастаған рота әкелінеді [8]. Сейтіп, Қастек, Тарғап, Отар, Самсы көтерілістері тамызында ортасына қарай көрші Пішпек уезінің жеріне, Тоқмақ аймағына аудасады.

Кейін тергеушілер Самсыдағы көтеріліске Тоқаш Бокиннің қатысқанын анықтау үшін біраз адамдардан жауап алады. Соның ішінде 1916 жылы 20 тамызда Верный қаласына арнайы алдырылып, Жәнібек қажыдан сұрағанда, езінің 57 жаста, мұсылман, сауатты екенін, езінің болысында молда болып қызмет атқаратындығын, Тоқаш Бокинді білмейтіндігін және көрмегенін мәлімдейді. Патша чиновниктері қағазға мүқият түсірген хаттамага күегер ретінде тасқа таңба басқандай етіп, араб гарпімен езінің аты-жөнін жазып, қол таңбасын қойыпты [9]. Тоқаш Бокин Жетісу ошағы көтерілісі жетекшілерінің және үйимдастырушылардың бірі болды, халықты патша әкімшілігіне қарсы құреске шақырады [10]. Сондықтан оның Самсы көтерілісінің басы-қасында болуы әбден мүмкін. Бірақ сұраққа алынып, тергелген Жәнібек қажы да, басқалары да оның болғанын жасырып, айтпай қойған болуы керек.

Осы көтеріліске қатысқан Нұрланқұл Сәттібековтың айтуынша, шілде-тамызыдағы көтеріліс кезінде жазалаушы әскерден қашып, тау-тасты паналап, Аңырақайға көшіп кеткен біраз адамдар тобы қыркүйек айында Самсыға қайтып оралады. Бірақ Самсыдан 40 адам, оның ішінде көтеріліс басшылары Қалығұл Жолдыбаев, Досым Бокбасаров, Нұрланқұл Сәттібеков, оның інілері 25 жастағы Қарымсақ Нұрбеков, 30 жастағы Отарбай Сәлдебеков, әкесі бұрын болыс болған Хасанай Әйдербеков және т.б. азаматтар тұтқындалып, Верный түрмесіне қамалады. Жалпы Ботбай елінен 84 адам түрмеге түседі. Олар 1917 жылдың наурыз айына дейін түрмеде отырып, тек Ақпан революциясынан кейін Ұақытша үкімет 1916 жылғы көтеріліске қатысушыларға кешірім жариялаган соңға босатылып, елге қайтып оралады. Тоқаш Бокин де Верный түрмесіне қамалып, түрмегілерге «өле қоймаспаз, босанамыз, бостандық жақын» деп қайрат-жігер беріп отырған. Міне, осы естелікті 1965 жылы Самсы ауылында Нұрланқұл Сәттібеков деген 86 жастағы қариядан Досмұхамбетов Базарбай деген азамат жазып алған екен.

Қысқасы, 1916 жылғы Самсы көтерілісі ай-

мақтагы өскери-отаршылдық басқару жүйесінің іргесін шайқалтып, бүкіл Қазақстанды қамтыған үлт-азаттық қозғалыстың маңызды құрамдас бөлігі болды. Міне, осындай қыын-қыспақ, аласапыран шақтарда ел қорғаны бола білген ерлеріміздің есімін еске алып, құрмет көрсету, сол кездегі оқиғалардың, шиеленіскең қайшылықтардың себептерін, мәнін, барысын жөне маңызын танып-білу – бүгінгі үрпақтың парызы екені даусыз.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются причины, ход, последствия и историческое значение Самсынского восстания 1916 года в Семиречье.

This article is devoted to reasons, motion, consequences and historical value of Samsy revolts of 1916 in Semireshe.

ӘОЖ 94(574)

ҚӨТЕРІЛІСКЕ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ КӨЗҚАРАСЫ

Жангелді ШАУКЕНОВ,
тарих ғылымдарының кандидаты,
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Саяси көзқарастары мен өрекеттеріндегі айырмашылықтарға қарамастан, қазақ зиялыштарының көптеген туындыларының өзегі «Оян, қазақ!» ұраны болды (осы атаумен 1909 жылы Міржақып Дулатов ұнұқ өлеңдер жинағы жарияланған еді). Қазақ оқымыстылары сан қырлы шығармашылығымен жалпы демократиялық талаптар ұсынып, өлкеде отаршылдықта қарсы көзқарастың тамыр жауына жәрдемдесті. Халық санасына үлт-азаттық күресінің қажет екендігі идеясын сінірді.

Соғыс Ресей империясында пісіп-жетіліп келе жатқан жалпыға бірдей дағдарыс үдерісін тездедті. Қазақстанның, Орталық Азияның барлық дерлік аудандарын қамтыған, 1916 жылғы үлт-азаттық қөтеріліс соның жарқын көріністерінің бірі болды.

Қөтерілістің басты себептері – өлеуметтік-экономикалық және саяси сипаттағы факторлар: отаршылдық езгінің күшесі, жерді тартып алу, салықтар мен алымдардың шамадан тыс үлгайтылуы, қазақ халқы мен аймақтың басқа байрығы халықтары жөнінде патша өкіметі жүргізген орыстандыру саясаты, қалың бұқара жағдайының күрт нашарлауы болды. Қөтерілістің бұрк ете қалуына патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы Қазақстанның, Орталық Азияның және ішінәра Сібірдің 19 жас пен 43 жасқа дейінгі «бұратана» ер азаматтарын тыл жұмыстарына (қорғаныс құрылыштарын және өскери қатынас жолдарын салу, майдан өнірі маңайында жолдар салу және т.б.) «Реквизициялау туралы» жарлығы тікелей себеп болды [1, 11-б].

Жарлық туралы хабар жергілікті баспасөзде жарияланды және болыс басқарушыларының жиһанлыстарында оқылып, қосымша түсіндірмелер мен түсініктемелер берілді. Жарлықтың бірқатар ережелерінің бұлдығырын отаршылдық өкімшілік-тің жергілікті шенеуніктері шебер пайдаланды. «Инженер М. Тынышбаевтың жоғары мөртебелі Түркістан генерал-губернаторы мыrzага 1916 жылғы оқиғаларға байланысты айғақтарында» Же-

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ж.Жабаев. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы, 1982. 60-б.
2. КРОМА, 44-кор, 1-тізім, 19743-іс, 1,6-парактар.
3. КРОМА, 797-кор, 1-тізбе, 36-іс, 158-парак.
4. КРОМА, 797-кор, 1-тізбе, 36-іс, 60-61-парактар.
5. Национально-освободительное восстание казахских трудящихся против царизма в 1916 г. Сборник воспоминаний и материалов. – Алматы, 1937. 142-б.
6. Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане. Сборник документов. – М., 1960. 332-333-66.
7. КРОМА, 44-кор, 1-тізім, 28881-іс, 132-парак.
8. Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане. Сборник документов. – М., 1960. 336-б.
9. КРОМА, 797-кор, 1-тізім, 36-іс, 13-14-парактар.
10. Жетісу. Энциклопедия. – Алматы, 2004. 214-б.

тису генерал-губернаторының үндеу хатында окоп жұмыстарына шақыру туралы айтылғаны атап етіледі. Селолардағы бұрынғы орыс солдаттары қазақтарға «окоп» дегенниң не екенин түсіндірген кезде, халықты жұмылдыру («алу», «әткізу») шын мәнінде қаруыз адамдарды қыруға әкеп соғады деп санады. Ал мұның өзі өз кезегінде қазақтардың патша жарлығына жаулық көзқарасын қүшетті [2, 638-б].

Қазақстандағы қөтеріліс 1916 жылғы 25 маусымдағы патша жарлығы жарияланған соң басталды. Шілденің бас кезінде Қазақстанның барлық аймақтарында дерлік стихиялы наразылықтар басталып, көп ұзамай қарулы қөтеріліске ұласты. Оның үстінен патшалық өкімет орындары лауазымды адамдарды, болыстарды, село және ауыл басқарушыларын; байрығы тұрғындардан шыққан тәменгі шенди полицейлерді; молдалар мен имамдарды, ұсақ кредит мекемелеріндегі есепшілер мен бухгалтерлерді; жоғары және орта оқу орындарындағы оқушыларды; үкіметтік мекемелердің шенеуніктерін, дворян және құрметті азамат құқықтарын пайдаланатын адамдарды өскери міндеттен босатты. Патша жарлығының қатаңдығы және жергілікті жерлерде оны жүзеге асырудың өділетсіз әдістері түнілуге дейін жеткізген, қолына түскенімен қаруланған еңбекшілер патша өкіметінің өкілдеріне: болыс басқарушыларына, ауыл старшинарына, полицейлерге, казактарға, шенеуніктерге бас салып «адам бермейтіз!» деп айқайладап, оларды ұрып-соқты. Стихиялық қозғалыс бірте-бірте үйимдасқан сипат алдып, қарулы қөтеріліске ұласа бастады; ірі ошақтары (Жетісу мен Торғайда) пайда болды. Қөтеріліс бүкіл Қазақстанның қамтыды және оның өткір жүзі патша өкіметінің өскери-отаршылдық және кең көлемде орыстандыру саясатын және белгілі бір дәрежеде ауылдардың феодал-бай үстем топтарына қарсы бағытталған үлт-азаттық қозғалысына ұласты.

1916 жылғы қөтерілістің басты мақсаты үлттық және саяси азаттық болды. Сол арқылы ол

қазақ халқының бостандық пен тәуелсіздік жолындағы бұрынғы бүкіл күресінің қорытындысын шығарды. Көтерілістің негізгі қозғаушы құші ұлттық шаруалардың қалың тобы, сондай-ақ сол кезде туып келе жатқан жергілікті жұмысшы табының өкілдері, қолөнершілер болды.

Сонымен бірге көтерілістің ұлт-азаттық сипатта болуы себепті қазақ халқының барлық топтарының өкілдері (екінің бірінде байлар, бөліс басқарушылары, билер), сондай-ақ демократияшыл зиялыштардың жекелеген өкілдері қатысты. Құрделі және әртекті болған көтеріліс кең-байтақ елке аудандарының көпшілігіндегі ұлт-азаттық сипатқа ие болды. Тек жекелеген жерлерде ғана қозғалыстың басшылығын байлардың үстем топтары мен клерикал элементтер қолына алды.

Көтеріліске қазақтармен қатар үйірлар, өзбектер, қырғыздар, дүңгендер және басқа да кейір халықтардың өкілдері қатысқан Оңтүстік облыстарды (Жетісу және Сырдария облысы) қослағанда, қозғалысы құрамы жағынан бір ұлттың қозғалысы болды. Бұл орайда зиялыштардың жоғары топтары (Ә.Бекейханов бас болып) екіндей жағдайда, балға мен тәстіті арасында қалғанын есте ұстау керек.

1916 жылғы көтеріліс ерекшеліктерінің бірі күреске тәменгі топтардың көтерілуі болғаны мәлім. Ауыл мен қыстақтың жоғары үстем топтары айлакерлік жасады, өйткені олар ішінәра бөліс, старшын, жергілікті аппараттың қызметкерлері және тағы басқалары ретінде басқару жүйесіне тартылған екінші жағынан – ұлттық зиялыштар, ең алдымен Ә.Бекейханов және оның «Қазақ» газеті редакциясындағы серіктері бастаған ең білімді белгілі ол кезде күш пен ресурстарды Германиямен соғысқа жұмылдыруды жақтаған Ресей конституциялық-демократиялық партиясының (кадеттер) саяси бағытымен байланысты болатын. Ұлттық-демократияшыл зиялыштардың тағдырдың жазғанына көнүге, Қазақстан бір белгілі болғандықтан соғысып жатқан державаға көмектесуге шақыруы осыдан. Бұл шақыруды халық бұқарасының көпшілігі түсінбеді және қабылдамады. Бұқараның іс-қимылын басқаруға, олардың саяси төлімгерлері болуға қазақ зиялышарының батыл топтарының қолына шоғырлану себептері нақ осында болатын [3, 11-б.]

Тұрар Рысқұлов атап өткендей: «Қазақтардың бұл ұлттық-либерал зиялышары...кадеттер сияқты, сол кезде әмір сүрген құрылымын пен патша өкіметінің жергілікті жерлердегі өкімшілігіне қарсы болды... Патшалық жер саясатына қарсы болды, бірақ Ресейдің буржуазиялық-демократиялық партияларымен ынтымақтаса жұмыс істеді. Бұл зиялыштар қазақтардың көтерілісін мезгілінен бұрын жасалған көрекіз көтеріліс деп сипаттап, барлық көліспеушіліктерді бейбіт жолмен жөнге келтіруге болар еді деп көрсетті» [1, 9-б.]

Сонымен бірге ұлттық қазақ зиялышарының жетекшілері қазақтарды тыл жұмыстарына шақыруды кейінге қалдыру жөнінде, шақырылғандардың құқықтарын қорғау және олардың майдан өнірі аудандарындағы тұруы мен жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайлар туғызу жөнінде нақты қадамдар жасады. Мұны Ә.Бекейхановтың бастамасымен 1916 жылғы 7 тамызда Орынборда шақырылған бес облыс (Торғай, Орал, Ақмола, Семей және Жетісу) өкілдері жеке кеңесінің құжаттары дәлелдейді. Кеңесті шақыруға бастамашылар (Ә.Бекейханов пен оның серіктері) тыл жұмыстарына шақырылғандарды қорғау мақсатын көздең, шақыруышылардың тізімдерін жасау ке-

зіндегі заңсыздық көріністерін және жергілікті өкімет орындарының ауыл тұрғындары мен казак әскерлерінің жазалау отрядтары арасында жанжалға апарып соқтырап арандатушылықтар жасағанын өшкөрелейді.

Патшалық өкімет орындарына табыс етілген бұл құжатқа Қазақстанның бес облысы өкілдері кеңесінің терағасы Ә.Бекейханов және оның хатшылары О.Алмасов пен М.Дулатов қол қойған. Егер бұл құжатты мұқият оқысақ, ұлттық-демократияшыл зиялыштардың жетекшілері («Алаш» партиясының болашақтағы үйімдастырушылары) ездерінің қолдан келген амалдарымен қазақ халқының мұдделерін қорғаганын, XX ғасырдың 30-80-жылдарында ресми тарихнамада үнемі айтылып келгеніндей, «ұлт мұдделеріне сатқындық жасаушылар» болмағанын дәлелдейтінін анғару қызын емес.

«Жеке-жеке бұрқ еткен толқулар көл ұзамай қарудың күшімен басып-жанышталып, жұмысшыларды реквизициялау мен майданға жөнелту басталды. Сол кезде «Қазақ» газетінің редакциясы тыл жұмыстарына жөнелтілген қазақтардың мұқтаждарына қызмет көрсетуге үйігарды және осы мақсатпен барлық зиялыштарына реквизицияланғандар жұмыс істейтін майдандарға өз еркімен барып, оларда бұратаналар бөлімін құруға шақырды. Зиялыштар (көпшілік бөлігі халық мұгалімдері) бұған үн қости және көп кешікпей Минскіде земство одагының жанынан бұратаналар бөлімі құрылды. Мен Минскіге барінен кейінрек аттанып кеттім...» [1, 99-б.]

Қазақстанның әр түрлі аудандарында пайдала болған стихиялық қозғалыс бірте-бірте үйімдасқан сипат ала бастады: Жетісуга (басшылары – Бекболат Әшекеев, Ұзақ Саурықов, Жәменеке Мәмбетов, Тоқаш Бокин, Әбділжан Жұнисов, Серікбай Қанаев, Монаї және Мұқан Ұзақбаевтар мен басқалар) және Торғайда (басшылары – Әбдіғапар Жанбосынов, Амангелді Иманов, Әліби Жангелдин және басқалар) оның ірі ошақтары пайда болды.

Жетісуга қөтеріліс тарихын мынадай кезеңдерге бөлуге болады: 1) шілде – стихиялық наразылық, көріністері, 2) тамыз – оның қарулы көтеріліске үласуы және 3) қыркүйек-қазан – көтерілістің біртіндеп бәсендедеу және жеңіліс табуы М.Тынышбаевтың айтуынша, 25 маусымдағы патша жарлығы Жетісуга қалаларында 8 шілдеде белгілі болған. Облыстың жекелеген уездеріне жұмысшыларды шақыру туралы телеграммалар одан да бұрын, 2 және 3 шілдеде келіп түсken [4, 10-б.]. Шақыру туралы хабарлар мен алынатындардың тізімдерін жасау туралы сыйыстар жер-жерде толқулар туғызды: мәселен, Верный округтік соты прокурорының қорларында сақталған құжаттардың деректері бойынша, патша жарлығы туралы хабар алынғаннан кейін Жаркент уезінің Әліжан болысы қазақтары: «Жат жerde өлгөнше, осында өз жерімізде өлеміз. Әрімізді атып тастасаңдар да, жұмысқа бармаймыз және ешкімді жібермейміз», – деп айқай салған. 6 шілдеде Ақбейіт алқабында болған албан руының (Жаркент уезі) 16 болысы өкілдерінің жиналысында көтерілістің Қарқара ошағы басшыларының бірі Жәменеке Мәмбетов былай деп мәлімдеді: «Балалар қырылғанша, көріледің өлгөн жақсы, ақ патшаның жарлығын орындаамаймыз». Оны Ұ.Саурықов, С.Қанаев, Қ.Шорманов, Қ.Құдайбергенов, Қ.Шотаманов және басқа да жиналысқа қатысушылар колдады [4, 8-10-бб.]

Адамдар берілмесін, таудан жазыққа түспейік, өкімет орындары таралынан күш қолдану шаралары

жасалған жағдайда телеграфты қирату, тыл жұмыстарына шақырылушылардың тізімдерін, болыс басқармаларының кеңселерін өртеуге дейін барып, жоғып жіберу жөнінде қымыл жасалсын деген шешім қабылданды.

Шілде айының бас кезінде толқулар Верный уезінің батыс және оңтүстік беліктерін де қамтыды, оларда көтерілісшілерге Бекболат Өшекеев, Тоқаш Бокин, Ақкөз Қосанұлы және басқалар басшылық етті.

1916 жылды жасы 70-тен асып кеткен Бекболат Өшекеев Жайылмыш болысы көтерілісшілерінің үлкен жасағын басқарды. Көтеріліс жасалған жағдайда деп съезге қатысушыларға қаруын өзір ұстауга және өрбір үй жанында кермеде ерттеулі ат түруына үсінис жасалды.

Верный уезі Ұзынағаш болысының Үлкенсаз мекенінде Жетісудың бір болысы өкілдерінен 5 мыңнан астам адам қатысып, «Оқтың астына барғанша, осында өлгөніміз артық» деген қарар қабылданды. Көп кешікпей қарсыласудың енжар нысандары жерде семсерлермен, аңшылық мылтықтарымен, сүкіп қарумен қаруланған көтерілісшілер жасағын үйімдастыруға ұласты. Отар аймағы көтерілістің Верный қаласынан батыстағы өзінше бір орталығына, Жетісу облысындағы орталығына айналды. Верный қаласы полицмейстерінің істерін атқаруышы Поротиковтің 1916 жылды 13 шілдеде Жетісу облысының ескери губернаторы генерал-лейтенант М.А.Фольбаумға баяндағанындей, «Отар участесіндең көптеген қазақтар барлық қазақтарды бір жерге шоғырландыру мақсатымен қырдан тауға көшө бастанды» [5, 45-б.].

17 шілдеде Жетісуда және Түркістан өлкесінде соғыс жағдайы жарияланды. Патша өкіметі орындары мұнда ірі ескери күштер әкелді, ескери гарнизондарды нығайтты, Жетісудағы қоныс аударушы халықтың ауқатты топтарынан қазақ және қырғыз көтерілісшілерін жазалау үшін қарулы отрядтар құрды.

Верный уезінің батысында Бекболат Өшекеев Жетісудың бытыраңқы көтерілісшілер топтарын біріктіру үшін шаралар қолданды. Осы мақсат үшін ол 1916 жылды 13 тамызда Ошақты деген жерде өртүрлі болыстар өкілдерінің съезін шақырады. Съезде тыл жұмыстарына адамдар алу туралы жарлықта әкімет орындарына қарулы қарсылық көрсетуге дейін барып, бағынбауға шешім шығарылды. Өз адамдарымен Үшқоныр тауындағы Ошақты сайына орнығын алған Жетісудағы көтеріліс басшысы Бекболат Өшекеев қарулы қарсылықта дайындала бастады, сонымен бірге көтерілісшілердің

қатарын жаңа күштермен толықтыру жөнінде шаралар қолданды.

Алайда тағдырыдың дегені басқаша болды. 1916 жылғы көтеріліске қатысқандарды жазалау тарихын тыңғылықты зерттеген профессор Ф.Сапарғалиевтың материалдарына қарағанда, Жайылмыш болысының көтерісшілері мен оның басшысы Бекболат Өшекеевтің іс-қымылдары туралы мәліметтер алған соң уезд бастығы подполковник Базилевский жазалау отрядымен аталаған болысқа жүріп кетті. 13 тамызда көтерілісшілердің жазалау отрядымен қақтығысы болып, ол нашар қаруланған және ұрыс қымылдарын жүргізуден тәжірибесі жоқ көтерілісшілердің женілісімен аяқталды [5, 45-б.].

1916 жылғы көтерілісті деректер арқылы талдай отырып, әлі де үйімдаспаған көтерілісшілердің қозғалыстары стихиялы сипат алғанын, Жетісудағы Бекболат Өшекеев пен Торғайдағы Амангелді Иманов бастаған ірі көтеріліс орталықтарының байланысы, бірлескен нақты жоспары болмағанын байқаймыз. Қазақстанның өзге аудандарындағы ұсақ көтерілістердің айтпағанның өзінде осының барлығы алаш ардақтыларын алаңдатты [4].

РЕЗЮМЕ

В данной статье автор попытался рассмотреть и проанализировать политические идеи казахской интеллигенции начала XX века, которые были репрессированы за свои политические взгляды.

In this article, the author attempted to consider and analyse political ideas of Kazakh intelligentsia of the beginning of the XX century who were repressed for their political views.

ӘДЕБІЕТТЕР

1.Рыскулов Т. Восстание казахов и Киргиз в 1916 году. – Грозный, 1916 г. Сборник документов и материалов. 2 том. – Алматы, 1998.

2.Казакстан тарихы (Коне заманнан бүгінгे дейін) бес томдық. Т.3 – Ал.: Атамұра, 2002.–768-б.

3.Иманов А. Құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы, 1974.; Нұрпейісов К., Григорьев В.К. Тұрар Рыскулов и его время. – (Рыскулов Т.Р. Собрание сочинений в трех томах. Т.1. – Алматы, 1997.; Тәнекеев С. 1916 жылды Ереуілтөбе әсерлері. – Алматы, 1994; Сулейменов М. Әбдіғапар хан. – Алматы, 1995; Әлмагамбет Б. Торғайдағы азаттық көтерлісі. – Астана, 2000).

4.Сулейменов Б.С., Басин В.Я. Восстание 1916 года в Казахстане. – Алматы, 1977.

5.Сапарғалиев Г. Карательная политика царизма в Казахстане. – Алматы, 1966.

«Алашорда» өкіметінің құрылғанына – 90 жыл

Ә.Бекейханов бастаған қазақ зияльшылары 1917 жылы 5-13 желтоқсанда Орынборда өткен жалпы қазақ съезінде Алашорда өкіметінің құрылғанын жариялады. Осы съезде Халел мен Жаһанша Досмұхамедұлдары бірден қазақ автономиясын жариялауды талап еткен батыл ұстанымда болған еді. Бірақ Бекейханов Қазақстандағы орыстардың жайын білмейінше автономия жариялауды кірірте түруде қажет деп тапты. Дауыс бергенде көпшілік Бекейхановты қолдады. Досмұхамедовтардың жалпыхалықтық мүдде үшін келісім берулеріне тұрақтады. Дегенмен, осы

1917 жылы 12-26 шілдеде Орынбор қаласында өткен бірінші бүкіл қазақтық съезді Алаш партиясы құрылды. Съезді шақыру мен оны өткізуде Ахмет Байтұрсынов үлкен белсенділік көрсетті. Қазақстанда Кеңес өкіметі орнай бастағанда А.Байтұрсыновтың белсенді араласуымен дайындалған «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы «Қазақ» газетінің 1917 жылы 21 қарашадағы санында жарияланды. 1918 жылы 18-21 мамыр аралығында Орал өнірі қазақтарының Жыmpиты қаласында IV облыстық съезі етті. Оған Ілбішін, Ойыл, Орал

басшылары Халел мен Жаһанша Досмұхамедұлдарын қаралап, атақ-құмар етіп көрсетеді. Алашорданы бөлуде Ә.Бекейхановқа ешқандай қысым жасалмаған және ол жалғыз болмаған, мәжіліске қатысушылардың ішінде Досмұхамедұлдарымен қатар М.Тынышбайулы А.Бірімжанұлы, У.Танашулы, Ә.Ермекулы болған.

Батыс Алашорданың бөліну мәселесіне келсек, ол ел басына төнген қын жағдайда әдейі жоспарланып істелген іс еді. Батыс Алашорда орталық Алашорданың батыс бөлігі болып саналды. 1918 жылы қыркүйекте Уфа директориясын құру

Алаш қозғалысына қатысқан қазақ зияльшылары

келіспеушілік Алашорда үкіметінің үшке бөлінүіне әкеп соққан себептердің бірі болды.

Ахмет Байтұрсынов бұлтарысы, бұлғағы көп шытырман жолдан өткен адам. Ол Алаш қозғалысының жетекшілерінің бірі ретіндегі 1918-1919 жылдары Кеңес өкіметінің қарсы күштермен дақтағас болса да 1919 жылдың көктемінде Алаш басшылығының келісімінен Кеңес өкіметі жағына шықты. Лениннің үйгаруымен А.Байтұрсынов 1919 жылы жазда құрылған Қазақ революциялық комитеттіне мүше болып тағайындалып, 1920 жылы қазанда құрылған Ресей қурамындағы Қазақ Автономиялы Қенестік Социалистік Республикасының үкімет мүшесі – оқу-ағарту комиссары болып сайланған. А.Байтұрсыновтың осындай күрделі емде жолы оның қоғамдық мемлекеттік қызметтін зерттеу үшін айттарлықтай қындық туғызды. Ол мемлекеттік жүйелердің қайсысында жұмыс жасаса да жалпыұлттық, бүкіл халықтық мәселелерді басты нысана етіп алды да, оларды туған

уездерінің қазақтары қатысты. Съезді үйимдастыруышлар Досмұхамедовтар еді.

Съездің ашылу сәтінде 30 ғана делегат келіп үлгерсе, ол жұмыс істеген үш күннің ішінде тағы 150-дей адам қосылды. Съездің күн тәртібіне 20 мәселе енгізілді, оның соңғы төртегі съездің барысында анықталды.

Жаһанша және Халел Досмұхамедұлдары съезд шешімінен Ойыл уелаятының Ұақытша үкіметін құрды. Бұл облысқа «Ойыл уелаяты» немесе Ойыл облысы деген ат берілді. Оның құрамына Ілбішін, Орал, Гурьев, Ақтөбе, Үргым үездерінің қазақтар мекендереген аудандары мен Маңыстау, Ойыл, Бекей уездері кірді.

Алайда, Орал облыстық IV қазақ съезінің бұл шешіміне Орал қазақчествосы әскери үкіметі, 1918 жылы 8 маусымда Самараада құрылған Комуч үкіметі, сол сияқты орталық Алашорда үкіметі тараптарынан да қарсылықтарға кездесті.

Алаш партиясының саяси және

туралы мәжіліске қатысқан Алаш автономиясының делегаттары сол айдаң 11-күні жергілікті басқару жүйесін талқылап, Алашорданың батыс бөлімшесін құру туралы шешімге қол қойды. Бұл мәжіліске Алашорданың терағасы Ә.Бекейханұлы, мүшелері Ұәлихан Танашулы, Халел Досмұхамедұлы, Ахмет Бірімжанұлы, Әлімхан Ермекулы, Жаһанша Досмұхамедұлы және Мұхамеджан Тынышбайулы қатысты.

Алашорда үақытша қыркүйектегі Алашорданың қаулысы бойынша Алаш автономиясының батыс бөлігін басқару үшін Ж.Досмұхамедұлының терағасымен Алашорда бөлімін құруға қаулы шығарады. Батыс бөлім құрамына миналар кіреді: Орал облысы, Бекей ордасы, Маңыстау уезі, Торғай облысының Ақтөбе және Үргым уездері.

1918 жылы 11 қыркүйектегі Алашорданың қаулысы бойынша Алаш автономиясының батыс бөлігін басқару үшін Ж.Досмұхамедұлының терағасымен Алашорда бөлімін құруға қаулы шығарады. Батыс бөлім құрамына миналар кіреді: Орал облысы, Бекей ордасы, Маңыстау уезі, Торғай облысының Ақтөбе және Үргым уездері.

Кеңес заманындағы зұлматтардың алғаш басталуы үлкендер екіншіпен еске алатын "Қызыл күштік, ақ қашқан" өткен гасырдың ХХ жылдарының басы мен 1928-29 жылдардағы "Ұлы кәмпеске" деп аталатын кезең екен. Одан соң кезек-кезеңімен келетін 1932 жылғы аштық, 1937-38 жылдардағы жазықсыз жандарды қудалап қысым көрсету, арыстарымызды қойша қөгендеп атып-асу, т.б. болып жалғаса берері мәлім. Оған Ұлы Отан соғыснан оралмаған боздактарды қосынды. Иек астында қалған жиырмасының жүз жылдықтың қазақ халқының басына әкелген нәубеттері қаншама дамыдық, өркендең есіп, мәдениетіміз бен ғылымымыз ілгеріледі дегенмен "Ұлттық трагедияға" ұрындығанын айтып тауыса алмластай болған гасыр апаты екені ақытады.

Ел басына күн туып, етігімен сүкшкен сол кезенде жанын шуберекке түйіп, халқының тәуелсіздігі үшін бастарын бәйгеге

арасында толкулар басталып, беделді деген азаматтар атқа мінеді. Осы көтерілістің басталуының себеп-салдарын зерттеп, көтеріліс басшыларына үкім шығарған "Ұштіктің" екеуімен кездесіп, деректер алған, бұл қундері жасы 82-дегі Балқаш қаласының тұрғыны, Ақтогай ауданының "Күрметті азаматы" Байсеркін Қайырбек қарияның деректеріне жүтінуді жөн көрді.

Елдегі жаппай наразылықта оның ішінде жапсарлас жатқан Семей жеріндегі халықтық толкуға бұрынғы Қоңырат ауданында тұратын сол кездегі ширақ, беделді жігіттер де үн кости. Олар қысым мен қудалауга шыдамай өз төнірекіндегілерді ішінара қаруландырып, топтастыра білді. Алғашқы қимылдарының бастау алған жері Орта Дересін болыпты. Қазіргі Ақтогай деп аталатын аудан 1960 жылға дейін Қоңырат ауданы атанған. Бұл ауданның негізі 1928 жылдың қаланады. Алғашқы орталығы қазіргі

(Нарманбет ауылындағы "Тасқын" деп аталып жүрген Орта кораның күншығыс жағындағы аласа шоқылы батыс баурайындағы Итқұдық деген сұбы бар жерді біраз панарайтады. Жақын туыстары кешкілік, түнгі мезгілде азық жеткізіп беріп тұрады. Іздеу күшін, із кесушілер жиілеген соң, екеуі екі бөлініп, өз беттерінше бас сағалауга көшеді. Сәдуақас еліз Табақ, Қазық, Менеш копасы, Арқарсұ жаққа бет алады. "Андыған жау алмай қоймайды" дегендейін, жер ынгайын жақсы білетін Керей Төленгіт аңшысы Иманбектің бастауымен Чутин басқарған жазалауши отряд Сәдуақасты Қазықтың манында қолға түсіріп, атып елтіреді. Астындағы бедеу қара биесімен үстіндегі тұлдыбын аңшыға беріп, өлі деңенің бетін жасырмай далага тастан кетеді. Сәдуақастың көзінің жойылған туралы зан орындарынан естігінімен іле-шала онын сүйегін тауып, қолма-қол жерлеуге жеңдettікке негізделген

Сардарбектің "Ақ күріштің майталман шебері" деген деректі зерттеу мақаласы және 28 ақпан 2007 жылы "Егемен Қазақстан" газетіндегі Мейрамбек Төлепбергеннің "Адамға тағзым етпеген тарихқа тағзым етпейді" деген атпен жарияланған академик Хайдар Арыстанбековпен жасаған сұхбаты айқақтайды екен.

Енді ағамыз Хайдардың сол жылдарды еске алуынан үзінді келтірейкіш.

...Біздің Мамай бабамыз да, одан туған Жабай мен Қожабай аталарымыз да Сарыарқа өніріне әйгілі болған кісілер. Дәuletті тасыған адамдар қатарында да елдік мәселелерге қатысқан. Аузы дуалы әрі шешен Жабай атамының абырай-беделі бүкіл әулеттің киесі саналып, ол әлі күнге дейін Қарқаралы өнірінде аныз болып айтылады. Жалпы, текті әулеттің өмірінде ғана тарихи өмір көп болады. Ол кісінің бел баласы Шаймерден атамыз XIX гасырда атақты Құнанбай ақсақал секілді

Аманкелді
Тұғанбай,
зейнеткер-
ұстаз.

Тұқырауын

көтө

тіккен атапаралымыздың аттары ара-кідік үлкендер ауынан естіліп қалады. Солардың бірі 1930-31 жылдары "Тұқырауын көтерілісін" үйімдастырған, өзі соған бас болған Жабайдың Сәдуақасы екен.

Ол Дадан тобықтыларының Манас атасының Оразынан тарайтын Мандар бұтағынан. XIX гасырдың соңғы ширегінде Жабай ақынның ұлы Шаймерденнің отбасында дүниеге келеді. Үлкен әкесі Жабай ақындығына қоса ел ынтымалы мен бірлігін сактауда аты шықкан ел басшысы болыпты. Нарманбет ақын әкесі Орманбетке шығарған жоктауында Құрмалақтың ағайынды ұлдарын:

...Қожабай, Жабай, Разак,
Ауылды аз демесен

Олардан артық қай қазак, - деп Сәдуақастың атапаралының енбектерін ерекше құрмет тұтады. Сәдуақас Шаймерденнен тұганмен үлкен әкесінің есімі қоса тіркеліп, ел ішінде Жабайдың Сәдуақасы атапаралы. Текті атаниң қаны мен тәрбиесі арқылы дарыған Сәдуақастың бойындағы бас асаулық, өршілдік, бірбеткей намысқойлық айналасында болып жатқан жолсыздықтарға сын көзімен каратып, жаңадан орнаған Кеңес өкіметінің халыққа жасаған қиянат-қыспагына қарсы шығарады.

Қазак жерінде әміршіл-әкімшіл тоталитарлық жүйе жүзеге асырған қазақ байларын кәмпескеу, ша-

Нарманбет ауылының Дуанши деген жері. Онда шаруалар кооперативі бар екен. Келер 1929 жылы аудан орталығы қазіргі Ақтогай селосынан 2-3 шақырым онтүстік-шығыстағы Қарамойынға ауысады. Ол жерді бұрын "Ақ үй" деп атаған. Басқару органдарының барлығы дерлік осы жаңа мекенге көшкен кез. Наразы топты бастап, тікелей нұсқау берушілер Жабайдың Сәдуақасы, Смайлдың Жақыпбекі және Тубек деген азаматтар болады. Олар алдымен Дуаншидегі кооперативтегі азықтулілік талап, Тұқырауынды өрлей келе, Сарытеректегі дүкенді де басып алады. Дүкен мүлкінің біразын сол мандағы ауылдарға үлестіреді. Осы жерде біраз қактығыстар болып, Жекейдің Қанышы, отряд мүшесі Азамбаев деген жігіт окка ұшады. Екі адам жарапанады. Барлаушылар арқылы көтерілісшілердің негізгі тобы Кендара арқылы, екінші шағын тобы өзендей өрлең келе жатқандары білінеді.

Көтерілісшілерді аудан манынан тосып алмақшы болып құрылған қарулы жасакты аудандық ОГПУ-дың өкілі Мехалошин Тимофей басқарыпты. "Ақ үйге" қарай қиқулап ереулей шауып келе жатқан Сәдуақас тобын пештің мойынын панарап дүрбі арқылы анықтаған ол: "Мыналарда мылтық шамалы екен. Көбінесе үйде күннен күннен

күш туыстарына мүмкіндік берменті. Біраз қундерден соң мандардың үлкендері: "Азаматымыздың бетін жасыруға шамамыз жетпегені қалай, жасырын іздеушілер шыгарайық, сүйегін тауып, мұсылмандық рәсімімен жер қойына берейік", - деген үйғарымға кетеді. Жазық қыраттары шамалы маңдаланы бірнеше күн сүзген іздеушілер мүрдін табады. Қорқа, сақтана жүріп, Сәдуақастың сүйегін Орта Дересінде жеткізеді. Өзімен 3-4 атадан қосылатын Әбділданың бәйбішесінің бейтініне жерлеїді.

Смайлдың Жақыпбекін Қасқырттарының Қарабұлакқа құярсағасында, ал Тубекті Сарыөлеңдегі Тас төбе манында атады. Сойтіп, бүкіл қазак даласы бойынша бастау алған наразылықтың бір белшегіндегі болған "Тұқырауын көтерілісі" басталып, жанышлады...

Көтеріліс басшыларының көзі жойылған соң, осы дүрмекке ілесті деген азаматтар тергеуге алғынады. Олардың біразы бертінгіде дейін ғұмыр сүрді. Көтеріліске қатысты дөлініп, Ақтогайдың түрмелеге түсек Нарманбет ауылының тұрғыны, марқұм Шалқарұлы

Дәуренбек қария: "Тергеу кезінде оқымаган қарангылығымыз, соның салдарынан Кеңестік саясаттан хабарсыз болғанымыз ескеріледі. Аудандық ОГПУ-дың бастығы Манасинин тағыз аудандарынан

